

**Кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау жүйесіндегі курстар мен басқа да оқу орындарының тыңдаушыларының шығыстарын төлеу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 23 сәуір 1993 ж. N 327. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.07.07. N 646 Қаулысымен

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау жүйесіндегі курстар мен басқа да оқу орындарының жұмысынан қол үзіп оқуға жіберілген сырттан келген тыңдаушыларына оқудағы алғашқы айының ішінде төленетін тәуліктік шығыстары іссапарға арналған тәуліктік норманың 80 проценті мөлшерінде белгіленсін. Сырттан келген тыңдаушыларға тәуліктік шығыстар қызметкердің оқудағы әр күні үшін төленеді, ал одан кейінгі кезеңде ең төменгі айлық жалақының үш есе мөлшерінен кем жалақы алатын тыңдаушыларға ай сайын ең төменгі жалақының 20 проценті мөлшерінде стипендия төленеді.

Тыңдаушылардың оқитын жерлеріне барып-қайту жол кіресін, жолда болған уақытына тәуліктігін, іссапар шығындарын төлеу, сондай-ақ стипендиялар төлеу негізгі жұмыс орны бойынша министрліктердің, ведомстволардың, кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің есебінен жүзеге асырылады.

Оқуда болған кезінде тыңдаушылар оқуға жіберген тараптың есебінен шығыстары төленіп, мейманхана үлгісіндегі жатақханамен қамтамасыз етіледі.

Жатақхана болмаған жағдайда мейманханада тұрғаны үшін шығыстар ұсынылған құжаттар бойынша өтеледі.

2. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Кадрлардың біліктілігін арттыру мен қайта даярлау жүйесіндегі курстар мен басқа да оқу орындарының тыңдаушыларының шығыстарын төлеу туралы" 1992 жылғы 5 наурыздағы N 199 қаулысының (Қазақстан Республикасы ПҰАЖ, 1992 ж., N 9, 170-бап) және "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" 1992 жылғы 3 желтоқсандағы N 1021 қаулысының (Қазақстан Республикасы ПҰАЖ, 1992 ж., N 47, 701-бап) күші жойылған деп т а н ы л с ы н .

3. Осы қаулы 1993 жылғы 1 наурыздан күшіне енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң  
П р е м ь е р - м и н и с т р і н і ң

бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК